

**Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылық серіктестіктері туралы" заң күші бар Жарлығына инвестициялық жекешелендіру қорлары акционерлерінің жалпы жиналысын әзірлеу мен өткізу мәселесі бойынша толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының заңы 1997 жылғы 14 шілдедегі N 159

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылық серіктестіктері туралы" 1995 жылғы 2 мамырдағы N 2255 U952255\_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 7, 49-құжат; N 15-16, 109-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

**6 5 - б а п т а :**

1) 1-тармақтың оныншы азатжолы "барлық акционерлер даусының" деген сөздердің алдынан "акционерлердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің дауыс беруге қатысқан санының кемінде үштен екі даусымен қабылданған инвестициялық жекешелендіру қорлары акционерлері жалпы жиналыстарының шешімдерінен өзге" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 4-тармақтың екінші азатжолы "жай акциялардың" деген сөздердің алдынан "инвестициялық жекешелендіру қорлары акционерлерінен өзге" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 6-тармақтың бірінші азатжолы "дауыстың он процентінен" деген сөздердің алдынан "акционерлердің дауыс беруге қатысқан кез келген мөлшері жағдайында құқылы деп танылған инвестициялық жекешелендіру қорлары акционерлерінің жалпы жиналыстарынан өзге" деген сөздермен толықтырылсын;

4) мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Инвестициялық жекешелендіру қорлары акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру - сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жіберу (тарату), оларды акционерлер немесе олардың заңды өкілдері толтырып, инвестициялық жекешелендіру қорының атына жіберу жолымен

сырттай немесе аралас (сырттай дауыс берумен толықтырып, көзбе-көз) дауыс беру нысанында өткізіледі.

Сырттай және аралас дауыс беруді өткізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді".

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ